

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 30 наурыз

Отырысты Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНА жүргізді.

ТӨРАЙЫМ. Қайырлы күн, құрметті депутаттар мен отырысқа шақырылғандар! Кворум бар, комитеттің кеңейтілген отырысын бастауды ұсынамын.

Күн тәртібі алдарыңызда. Күн тәртібінде бір мәселе қаралады. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

ОРНЫНАН. Бекітілсін.

ТӨРАЙЫМ. Қарсылық болмаса, бекітеміз.

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Аманияз Касымұлы Ержановқа беріледі.

ЕРЖАНОВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Ольга Валентиновна, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Келісімнің мақсаты – аталған салада мүше мемлекеттердің бәсекелестік артықшылығын жасау және тиімді шаралар әзірлеуге бағытталған сауда-экономикалық тетіктер қалыптастыру, сондай-ақ одақтың кедендік аумағында бағалы металдар мен асыл тастардың еркін айналымын қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

Келісім бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдардың ішкі нарығына қатысты құқықтық негіздер мен талаптарды айқындайтын 18 баптан тұрады.

Келісім ережелері мына бағыттарды қамтиды:

1) бағалы металдармен, өңделмеген асыл тастармен мәмілелер жасау;

2) Кимберли процесі талаптарына сәйкес мүше мемлекеттер арасында өңделмеген табиғи алмаздарды тасымалдау;

3) мәмілелер жасау мен асыл тастардың классификациялық және құндық сипаттамаларын анықтау;

4) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерде жиналатын сынықтар мен қалдықтарды жинау және міндетті есепке алу;

5) зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалау, талдау және таңбалау;

6) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер және уәкілетті органдар арасындағы сынамалық таңбалар бедерлерінің үлгілері туралы ақпарат алмасу;

7) бағалы металдар мен асыл тастардың заңсыз айналымы үшін шаралар қолдану.

Келісім одақтың зергерлік бұйымдарының ішкі нарығындағы саудада мүше мемлекеттердің сынамалық таңбаларын өзара танудың болмауына байланысты туындайтын шектеулерді жояды. Яғни егер зергерлік бұйым Қазақстанда жасалса және сыналса, ол бұйымды одаққа қатысушы елдерде өткізу барысында қайта сынамалау қажеті болмайды.

Сынамалық таңбаларды өзара тану бастапқы шолу сапарларынан кейін қамтамасыз етіледі. Мүше мемлекеттердің келісім ережелерін қаншалықты орындап жатқанын анықтау үшін ондай сапарлар бес жылда бір рет өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ келісім өңделмеген табиғи алмаздарды одаққа мүше бір мемлекет аумағынан екіншісіне тасымалдауды қарастырады. Ол өңделмеген табиғи алмаздарды сертификаттаудың халықаралық кестесі – Кимберли процесі талаптарына сәйкес іске асырылады.

Кимберли процесіне қатысушы әрбір ел алмаздың бірде-бір партиясы оған қатыспайтын тарапқа импортталмайтынына немесе экспортталмайтынына кепілдік береді.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы барлық ел – Кимберли процесінің мүшесі.

Сондай-ақ келісім аясында келесі ақпаратты алмасу қарастырылған:

бағалы металдар және сынамалық таңба белгілері қызметін іске асыру тәртібін белгілейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер туралы;

сынамалық таңбалар бедерлерінің үлгілерімен, олардың сипаттамасымен, атаулы есімдер тізілімдерімен алмасу;

ақшаның жылыстауына қарсы күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы ұсынымдарын ескере отырып, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасу.

Бұл нормалар толық есеп жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ келісім елде өндірілетін алтынды сатып алуда қатысушы мемлекеттердің басым құқығын мойындайды.

Құрметті депутаттар, жалпы алғанда, келісімге қол қою және оны қолдану Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен бірлесіп, бағалы металдар және асыл тастар нарығында өзара сенім қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАЙЫМ. Рақмет.

Баяндамашыға сұрақтар бола ма? Нурлан Наурызович, пожалуыста.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Аманияз Касымович, согласно материалам, на территории Республики Казахстан драгоценные камни не добываются. В этом направлении есть у нас какие-то месторождения? Изучался ли их запас? И вообще возможна ли добыча? Или у нас вообще нет никаких запасов драгоценных камней?

ЕРЖАНОВ А.Қ. Спасибо за вопрос.

Как мы уже докладывали на всех комитетах, на территории Республики Казахстан драгоценные камни, в том числе в виде алмазов или же рубинов, изумрудов, не добываются. И таких месторождений у нас нет.

ТӨРАЙЫМ. Рақмет.

Больше вопросов нет. Мы на заседании рабочей группы очень активно обсуждали данный законопроект. Было задано очень много вопросов. Дополнительную информацию мы в полном объеме получили. Поэтому, Аманияз Касымович, Вам большое спасибо, мы очень многое для себя почерпнули из дополнительной информации, которую получили к сегодняшнему заседанию комитета.

Но наряду с этим при рассмотрении законопроекта Редакционно-издательским отделом Аппарата Сената были выявлены некоторые несоответствия казахского и русского текстов соглашения. Поэтому я прошу прокомментировать представителя Редакционно-издательского отдела Аппарата Сената.

ЖАҚСЫМБЕТОВ Ж.П. Сәлеметсіздер ме! Бізде жұмыс барысында бірнеше сәйкес келмеушіліктер байқалды. Оның барлығын жұмыс барысында түгелімен хат алмасу арқылы ретке келтірдік. Басшылық біледі. Қазіргі күні бәрі дұрыс, толықтай түзетілді, бәрі орнында.

ТӨРАЙЫМ. Значит, наш законопроект готов для рассмотрения на заседании Сената в идентичных текстах на государственном и русском языках.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Жеңіс Мирасұлы Нұрғалиевқа беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет.

Уважаемые коллеги! Рассматриваемое соглашение определяет особенность осуществления операций с драгоценными металлами и

драгоценными камнями по всей цепочке оборота в рамках ЕАЭС с момента добычи до реализации готовой продукции.

Положения соглашения также регламентируют правоотношения по осуществлению операций с драгоценными металлами и драгоценными камнями юридическими и физическими лицами, зарегистрированными в качестве индивидуальных предпринимателей, а также вопросы ответственности за их незаконный оборот.

Реализация проекта соглашения будет способствовать эффективному развитию отечественного аффинажного производства по переработке собственного сырья внутри страны, созданию конкурентоспособных продуктов с высокой добавленной стоимостью, увеличению выпуска ювелирных изделий, обеспечению свободного обращения драгоценных металлов и драгоценных камней в рамках ЕАЭС.

Настоящее соглашение подлежит в соответствии с пунктом 2 статьи 11 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» ратификации.

Замечаний и предложений по данному законопроекту со стороны постоянных комитетов Сената нет.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету предлагает внести на рассмотрение заседания Сената Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения по особенностям осуществления операций с драгоценными металлами, драгоценными камнями в рамках ЕАЭС».

Спасибо за внимание.

ТӨРАЙЫМ. Уважаемые коллеги, будут ли вопросы к содокладчику?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАЙЫМ. Құрметті әріптестер, заң жобасы жан-жақты талқыланды. Заң жобасы бойынша Сенат комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осы заң жобасын қабылдау туралы комитет қорытындысын бекітіп, оны Сенат отырысына талқылауға жіберуді ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Шешім қабылданды.

Сенат отырысында бұл мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов баяндама жасайды.

Сенат отырысына Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Аманияз Қасымұлы Ержанов және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің өкілдері шақырылады.

Басқа қызметкерлерді шақырудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Осы мәселе бойынша қосымша баяндаманы комитет мүшесі Жеңіс Мирасұлы Нұрғалиев жасайды.

Барлықтарыңызға рақмет. Осымен комитеттің кеңейтілген отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Қаржы және бюджет
комитетінің төрайымы

О. Перепечина

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:
Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева